

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Отандастарымыздың зейнетақы активтері 8 ай ішінде 3 трлн теңгеге көбейді

2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша отандастарымыздың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері **20,9 трлн теңгеден** асып, жыл басынан бергі 8 ай ішінде 3 трлн теңгеге немесе 17% өсті. Зейнетақы жинақтарының жылдық өсімі – **4,1 трлн теңге** (немесе 23,7%).

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,25% мөлшері МЗЖ есебінен қалыптасқан, оның көлемі 01.09.2024ж. шамамен **20,1 трлн теңге** болды (бір жылдағы өсім – 23,9%, жыл басынан бері – 16,3%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары - **627 млрд теңге**, бір жылдағы өсім – 17,7%, ал жыл басынан бері 10,3% артты. Ең үлкен өсімді (жылына 49,2%, жыл басынан бері - 33,2%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі - **7 млрд теңге**.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) тұсуде. 2024 жылдың 8 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен **148,9 млрд теңгеге** жетті.

Kіріс ағындары

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы қаңтар-тамыз айларында салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары шамамен 1,78 трлн теңге болды (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,5% немесе 406,01 млрд теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері он сипатты көрсетті: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.09.2024 жылға дейін 1,6 трлн теңге (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,3% артық) тұсті, МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға шамамен 75 млрд теңге (өсім 19,3%), ЕЗЖ – 2,1 млрд теңге (өсім 43,4%) жиналды.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.09.2024 ж. шамамен **1,9 трлн теңге**. Бұл сома өткен жылмен салыстырғанда 883,05 млрд жуық теңгеге (немесе 85,3%) артық.

Төлемдер мен аударымдар

2024 жылдың 8 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары **740 млрд теңгеге** жетті. Бұл былтырығы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 2 есе көп.

322,6 млрд теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен **130,6 млрд теңге**, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 26% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – **40 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – **26,1 млрд теңгеден** астам, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – **2 млрд теңгеден** астам, жерлеуге төлемдер – **шамамен 6,7 млрд теңге** көлемінде жузеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына **212 млрд теңгеден** астам сома аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем - **33 817 теңге**, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - **945 752 теңге** болды.

ЖЗШ саны

2024 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - 16,7 млн. бірлік (жыл басынан бергі өсім - 4,3 млн бірлік немесе 35,2%, бір жылдағы өсім –

36%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 қыркүйегіне шамамен 12,4 млн бірлікке тең. Оның ішінде: 11,1 млн - МЗЖ бойынша, 696,4 мың - МКЗЖ бойынша, 427,8 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗК-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен **4,2 млн бірліктен** асты.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өнірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы **«Көрсеткіштер»** бөлімінде орналастырылған.

БЖЗК 2013 жылды 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).